

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OKPD9476>***Қ. Т. Бибекөв¹, Л. М. Оразғалиева²**¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²Astana IT University,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2850-9637>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7795-1339>*e-mail: kanysh.bibekov@gmail.com

АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ӘЛЕМІНДЕГІ «АҚЫЛДЫ» ЖӘНЕ «НАДАН» КОНЦЕПТІЛЕРІ

Мақалада Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі «Ақылды» және «Надан» концептілеріне қатысты тілдік бірліктер, сөздер мен сөз тіркестері, мәтін элементтері лингвоконцептологиялық тәсілдеме тұрғысынан талдауға түседі. Лингвоконцептологияның негізгі бірлігі ретіндегі концептінің ерекшеліктері сараланады. Абай шығармашылығы арқылы оның дүниетанымы, санасынан орын тепкен әлем бейнесі, ол өскен ортаның шындық болмысты қабылдау ерекшеліктері көрініс тапқан. Лингвоконцептология тәсілдемесі негізінде Абай шығармашылығыдағы «Адам» макроконцептісінің аясына кіретін «Ақылды» және «Надан» концептілерінің семантикалық өрісі анықталды. Абайдың тілдік әлемінде «Ақылды» концептісі ақылды, ғалым, білімді, есті, ер, хақим сияқты т.б. лексемалары арқылы жарыққа шығып отырған. Ал «Надан» концептісі білімсіз, қырсық, шәргез, мақтаншақ, ақылсыз, қайғысыз сияқты т.б. лексемалармен берілген. Сонымен бірге «Ақылды» мен «Надан» концептілері түрлі атрибуттары арқылы мәнмәтіндік деңгейде көрініс тапқан. Абай белгілі бір лексемаға жалпыхалықтық тілдегіден басқа мағына үстеген кезде, кеңінен түсініктеме беріп, ұғымын тереңдетіп отырғаны анықталды. Бұл жағдайды біз ер – зат есімін талдау барысында анық байқадық. Абайдың көптеген өлеңдерінде «Ақылды» және «Надан» концептілері бір-біріне қарама-қарсы қойылып, мағыналары барынша терең әрі жан-жақты ашылған. Абай шығармашылығында концептілер өзара

тығыз байланыста болғандықтан, оларды өзара байланыста қарап, кешенді түрде зерттеудің қажеттігі көрінді.

Кілтті сөздер: лингвоконцептология, концепт, Абайдың тілдік әлемі, «Ақылды», «Надан», әлемнің тілдік бейнесі.

Кіріспе

Абайдың шығармаларының тілінде оның дүниетанымы, көзқарастары мен ұстанымдары, «махаббаты мен ғадауаты» көрініс табады. Ғалым Нұргелді Уәли: «Ақиқат дүниедегі заттар, құбылыстар, уақиғалар т.б. адамға қалай әсер етсе, тіл де солай әсер етеді. Адамның ішкі әлемі (эмоционалдық, интеллектуалдық әлемі) мен сыртқы әлемнің аралығында тіл әлемі бар. Индивид, субъект белгілі бір тіл әлемінде өмір сүреді. Сондай-ақ тіл индивидтің, субъектінің ішкі әлемінде (санада да) орын тепкен. Тіл тек қоғамда ғана өмір сүрмейді, ол индивидтің санасында өмір сүреді» [1, 18-б.], – деп, сыртқы әлем, адам және тіл әлемі арасындағы тығыз байланыстың барлығына назар аудартады. Ғалым адам тіл әлемінде өмір сүруімен бірге, тіл қоғамда ғана емес, индивидтің санасында да өмір сүретіні жөнінде ерекше маңызды тұжырым жасайды. Абай шығармаларының тіліндегі жекелеген концептілер когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу нысанасына алынған, лингвоконцептология тұрғысынан жан-жақты зерттеле қойған жоқ. Абайдың шығармашылығында «Адам» макроконцептісі ерекше орын алады. Өйткені Абай шығармашылығының өзегінде адам мәселесі жатады. Адамның жаратылысы, болмысы, адамның өмірі Абай шығармаларының өн бойында негізгі тақырып ретінде көрінеді. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» макроконцептісі ауқымды құбылыс болғандықтан, мақалада «Ақылды» және «Надан» концептілерін лингвоконцептологиялық тұрғыдан зерттеуді мақсат еттік.

Материалдар мен әдістері

Қазақ халқының тілдік әлемінде өмір сүрген Абай оның салғырт тұтынушысы ғана болған жоқ, қазақ тілін өзінің жасампаз санасында қорытып, өз шығармашылығы арқылы оны жаңа сапалық деңгейге көтерді. «Ақиқат туралы білімді санада сақтау, оны игеру – күрделі процесс. Бұрын алынған білім индивид санасында тәртіпке келтіріліп, жаңа алынған білім бұрынғымен байланыстырылады. Аса маңызды, мәнді деген фактілер, деректер жинақталып, концептілік жүйеге түседі» [2, 151-б.].

Абай санасында ғалам бейнесінің жинақталып, жүйеленіп, тәртіптеліп, концептілік жүйеге айналуы мен шығармашылығы арқылы жарыққа шығуы аса күрделі үдеріс екені сөзсіз. Сонымен бірге Абайдың тілін қоғаммен, мәдениетпен, ұлттың дүниетанымымен байланысты зерделеу керек болады.

Профессор С. Г. Воркачев лингвоконцептологияның семантиканың жалғасы екенін қуаттай келе, мәдениеттану, когнитология, әлеуметтану, тарих және басқа да салалардың мәліметтерімен толықтырылатынын айтады. «Құрылымдық семантикадан лингвоконцептологияға компоненттік (семалық) талдау және өріс теориясы – негізгі зерттеу әдістері келді, алайда нақты тілдік бірліктердің мағынасы зерттеу нысаны ретінде қаралатын семантикадан ерекшелігі лингвоконцептологияның зерттеу нысаны әлдеқайда кең, барлығын «көктей өтетін» және мәтіндік әрі дискурстық түзіліске ие болады. Лингвоконцептологиялық зерттеулер, ең алдымен, мәдени ерекшелікке ие және тілде көрініс тапқан нақты ментальды бірліктерге бағытталған» [3, 19-б.]. Лингвоконцептология – лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистикамен тығыз байланысты. Бұл ғылым салаларының зерттейтін мәселелері өзара тоғысып жатыр.

Халықтың тілі мен мәдениеті өзара тығыз байланысты құбылыстар болып табылады. Сондықтан олар өзара ықпалдасып, бір-біріне әсер етіп отырады. Америкалық үндістер тілінің материалдары негізінде тілдік модельдердің ойлау модельдері концептеріне ықпалын зерттеген Калев Эверетт тіл ұғымдық категорияларды орнатуға көмектесетінін, соның салдары ретінде тіларалық айырмашылықтар ойлаудағы мәдениетаралық айырмашылықтардың болуына ықпал ететінін айтады. Белгілі бір тілдік құрылымды тұтыну заттар, тіпті ең қарапайым заттар туралы ойлау шаблондарымызды қалыптастыруға көмектеседі. [4, 197–198-бб.]

Лингвоконцептологияның негізгі бірлігі концепт болып табылады. Б. Тілеубердиев: «Концепт дегеніміз – тиісті лексика-семантикалық парадигманы құрайтын тілдік іске асырылымдардың тұтас бір қатарын білдіретін вербальды мағына, тілдік мәнерге ие және этномәдени ерекшелікпен белгіленген ұжымдық бірлік» [5, 16-б.]. Ғалым концептінің вербальды мағынамен бірге, этномәдени ерекшелігіне көңіл аудартады.

«Концепт – это некое представление о фрагменте мира или части такого фрагмента, имеющее сложную структуру, выраженную разными группами признаков, реализуемых разнообразными языковыми способами и средствами» [6, 129-б.]. М. Пименова концептіні жеке сөзбен байланыстырмай, алуан түрлі тілдік тәсілдер және құралдар арқылы беру мүмкіндігін көрсетіп, әлем бөлшегі ретінде күрделі құрылымға ие екендігіне тоқталады. Л. О. Чернейко да концептіге ұғым енетінін, алайда онымен шектелмей, сөз тасасында тұрған құбылыстың сипаты туралы тіл иесі белгілі бір мәдениет өкілдерінің түсініктерін көрсететін сөздің түрлі ассоциативтік байланыстарынан алынған денотативтік, коннотативтік – барлық мазмұнын камтиды деп топшылайды [7, 75-б.].

Абайдың шығармашылығында қазақ халқының тарихи-мәдени көзқарастары, дүниетанымы ерекше айқын көрініс табады. Сонымен бірге Абайдың ой-санасының сүзгісінен өткенде тілдік бірліктер, соның ішінде сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы тереңдеп, қайта жаңғырығып, мазмұн жағынан байи түседі. Абай тілінде концептілер зат-бейнелік, мәдени-ұлттық мазмұны жағынан кеңумен бірге нақтылана түседі. Әрбір халықтың тарихи-мәдени, өмір салты мен табиғи өмір сүру ортасы, шаруашылығы қоршаған дүниені өзінше қабылдап, өзінше ой түюіне алып келеді. Халықтың әлем туралы түсінігі тілінде көрініс табады. «Әлемнің тілдік бейнесі – тілдік бірліктер түрінде сақталған білімдер жиынтығы» [8, 62-б.]. «Әлемнің тілдік бейнесі – шындық болмысты нақты лингвомәдениеттік қауымға тән модельдеу және құрылымдау тәсілдерінің көрінісі» [9, 18-б.]. «Әлемнің тілдік бейнесі – инвариант болып, қоршаған әлемді адамның этнос, белгілі бір аймақ өкілі, социум, тұлға ретінде қабылдауы мен түйсінуді көрсетіп, этникалық, аймақтық, әлеуметтік, жеке тұлғалық фрагменттер жүйесі болып табылады» [10, 12-б.]. Абайдың өзін қоршаған әлемді қабылауы және өз шығармашылығы арқылы құрылымдап ұсынуында ақынның тілдік әлемін көре алады екенбіз.

Зерттеуде Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі «Ақылды» және «Надан» концептілеріне қатысты тілдік бірліктер, сөздер мен сөз тіркестері, мәтін элементтері лингвоконцептологиялық тәсілдеме тұрғысынан талдауға түсті. Когнитивтік тәсілдеме тілдік бірліктер арқылы көрініс табуынан концептіні анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге зерттеу әдістерінің ішінде компоненттік талдау концептінің құрылымын саралауға пайдаланылды. Дискурстық талдау әдісі арқылы концептілердің әлеуметтік, ментальдық байланыстары зерделенді. Ал Абайдың тілдік әлеміндегі концептілердің дүниетанымы, өмірлік ұстанымдарымен байланыстарын анықтауда концептуальды талдау және мәнмәтіндік талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» макроконцептілік аясын ашуға көмегі тиетін оппозициялардың бірі **ақылды – надан** болып табылады. «Ақылды» концептісі **білімді, ақылды, ғалым, есті, хаким** сияқты сөздер арқылы көрініс табады. Мысалы,

*Ғалымнан надан артпас ұққанменен,
Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.
О-дағы қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте көктеп шыққанменен.*

Осы шумақта Абай **надан** ұққанменен **ғалымға** тең келе алмайтынын айтады. Абай наданды неліктен ғалымға теңгермейтінін өлеңдері мен қара

сөздерінен мысалдар келтіре отырып анықтап көрейік. Абай үшінші қара сөзінде былай дейді: «*Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір **жалқау** кісі **қорқақ**, **қайратсыз** тартады; әрбір **қайратсыз қорқақ**, **мақтаншақ** келеді; әрбір **мақтаншақ қорқақ**, **ақылсыз**, **надан** келеді; әрбір **ақылсыз надан**, **арсыз** келеді; әрбір **арсыз жалқаудан** сұрамсақ, өзі **тойымсыз**, **өнерсіз**, ешкімге **достығы жоқ** жандар шығады*».

Абайдың тілдік әлемінде «Надан» концепт өрісіне адам бойындағы жаман қасиеттердің барлығы дерлік еніп кететінін көреміз: *надан – мақтаншақ, ақылсыз, қорқақ, арсыз, жалқау, сұрамсақ, тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ* болса, *адамға дұшпан*. Абайдың тілдік әлемінде осы аталғандардың көпшілігі арнайы талдауға түсіп, мағыналары халықтық тілдегіден әлдеқайда тереңдетіліп, кеңейтле түседі. Сол арқылы біз Абайдың осы ұғымдарға қатысты концептуалды танымынан барынша кең мағлұмат аламыз. Мысалы, жиырма бірінші қара сөзінде *мақтаншақ* ұғымын талдайды. Абай айтып отырған *мақтан* не нәрсе деп тегін қазып іздейтін болсақ, оның негізінде *тәкаппарлық, өзімшілдік*, яғни *эгоның* жатқанын аңғарамыз. Абай ақылды мен наданның мақтанға кез келгендегі қылық, мінездерін танытады. Тіпті *ақылдылардың, арлылардың* өзі мақтаннан толық бас тартуы қиын іс екен. *Мақтанға* кез келгенде *ақылдылар* жамандықтан бойын жиып алуға шамалары жетеді. Міне, бұл ақылды адамдардың артықшылығы болады екен. Ал енді мақтаншақтарға келер болсақ, Абай олардың өзін үшке бөліп қарайтынын көріп отырмыз. Осы үш түрлі *мақтаншақ* та *надан*, олардың мақтаншақтығы бір-бірінен надандық деңгейіне байланысты ерекшеленеді. Өз ауылы, өз үйі мақтасын дейтіндерді Абай *наданның наданы* деп көрсетеді.

Абай бірнеше өлеңінде де *ақылды* мен *наданды* салыстырады. Мысалы, «Біреуден біреу артылса» өлеңінде «Ақылды» концептісі *оқыған* субстантивтенген есімше тұлғалы етістігімен беріліп тұр. Есімше тұлғалы етістік заттанып, зат есім мағынасында жұмсалған. Бұл жерде оқу арқылы білімге қол жеткізген адам туралы айтылып тұр. Наданның бірнеше белгілері көрініс табады: *білімсіз, қырсық, шәргез, мақтаншақ, ақылсыз, қайғысыз*. Абай «*Надан жөндіге жөн келмей, Білер қайдағы шәргезді*» дейді. Осы жерден *наданның* қырсық, қыңырлығы көрінеді. Әрі шәргез сөзінің мағынасы да осыған жақын. «Абай тілінің сөздігінде»: «Шәлкес, шалыс, қыңыр» деген мағыналары беріледі [10, 697-б.]. «*Надан* қуанар, арсаңдар, Таңырқап тұра қалсаңдар» деген жолдарға мән берсек, *наданға* өзіне елдің назарын аударғаннан артық бақыт жоқ. Міне, осы қылығы наданның мақтаншақтығын танытады. Абай өзінің қара сөзінде айтқан мақтаншақтықтың бейнелі көрінісін осы өлеңінен көреміз.

Абай өзінің «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде де **ақылды** мен **наданды** салыстыра бейнелейді. «Ақылды», «Надан» концептілері өлеңде бірнеше лексемалар арқылы беріліп отырған.

Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек,

Өнерсіздің қылығы өле көрмек.

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,

Еріншек ездігінен көпке көнбек.

Ер лексемасы «Ақылды» концептісіне қалай байланысты болуы мүмкін дегенде, «**Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек**» деп берілуінен Абайдың ер деп тұрғаны жауды жеңген не елді шапқан батыр емес екенін түйсінеміз. Абайдың он төртінші сөзінде **ерлік, батырлық** деп, «адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамауды» айтып тұр. Жоғарыдағы шумақтағы **ер** сөзінің мағынасы да осы қара сөздегі түсініктемелер арқылы нақтылана түскен. «Абай тілінің сөздігінде» **ер** сөзінің – 1) еркек, азамат, батыр; 2) күйеу, бай, әйелдің жұбайы мағыналары ғана тіркелген [11, 213-6.]. Әрине, Абай ер сөзін дәл осы мағыналарда да қолданған. Абай таратып беріп отырған ер сөзінің өз бойын жеңген, яғни *нәпсісін тыйған, әділетті ақылға ерген, қатесін мойындай алатын адам* деген мағыналары ескерусіз қалған. Соның салдарынан Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасы дәл өз мәнінде түсінілмейтіні байқалады. Мысалы, «Әбірахман өлгенде» өлеңінде:

Ерлікке де бар едің,

Үйренуге тоймаған.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» осы өлеңнен үзінді келтіріп, **ерлік** сөзінің *ержүректілік, батырлық, қаһармандық* мағынасының мысалы ретінде береді [12, 355-6.]. Осы мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударайық: Тұла бойың **ұят-ар** едің, **ойлаған, Талаппен терең бойлаған, Үйренуге тоймаған, ойға кәрі** едің. Осының бәрі Әбдірахманның сипаттары болып тұр. Абайдың «Адам» макроконцептісі тұрғысынан алғанда Әбдірахманның бойында толық адамға тән қасиеттер бар. Әбдірахманның **ерлігі** өзінің бойын, нәпсісін тежеп, үйренуге тоймаған, ойдың тереңіне бойлаған адам екендігінде болып тұр. Демек, Абайдың тілдік әлеміндегі **ер, ерлік** сөзінің бұл мағыналары қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен ойып тұрып орын алуы керек. Сонымен бірге ұрпақ санасына да **ерліктің** өз бойын жеңумен, ақылға ерумен байланысты мағыналары сіңуі керек.

Бастапқы талдау нысанымызға алған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінен алынған шумаққа қайта оралар болсақ, **ердің** қасиеттеріне *өнерсіз, еріншек, ездік* қарсы қойылады. Бұл сипаттар наданға тән болып келеді. Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде былай дейді: «Күллі адам

баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – *надандық*, екіншісі – *еріншектік*, үшінші – *залымдық* деп білесің. **Надандық** – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. **Білімсіздік** хайуандық болады». Осы тұрғыдан алғанда, *надан* – білім-ғылымы жоқ адам екен. Ал *талапсыздық*, *жігерсіздіктің* өзі еріншектіктің салдары екен. Еріншектік тек өнердің ғана емес, білімнің де дұшпаны болады. **Наданға** ақылды құлаққа ілмек не үшін *арам*? Өйткені онда білім-ғылым жоқ. Ғылым-білімді үйренейін деген талап та жоқ. Адам бойындағы жаман қасиеттер өз алдына жеке болмайды. Олар бір-бірінен туындап, матасып, қордаланып жатады. Ақылдың басты қасиетінің өзі ақиқатты тану болса керек. «Ақылды» концепті өрісіне жататын **ақылды – білімді** сөздерінің де мағыналары тең емес.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

Таразы да, қазы да өз бойында,

Наданның сүйенгені – көп пен дүрмек.

Абай осы шумақта ақылдың кім екеніне толық анықтама беріп кетеді. *Қара қылды қырыққа бөлмек* деген көркем образды көргенде, қазақ тіліндегі «*Қара қылды қақ жарған шешен*» деген мақал есімізге түседі. Бұл мақалдың мәнісі әділдікті білдіреді. *Қақ жару* сөз тіркесінінің мағынасы бір нәрсені дәл ортасынан бөлу дегенді көрсетеді. Абай бейнелі образ жасауда аналогияға сүйенген. Дегенмен семантикалық тұрғыдан алғанда, мүлде басқа мағына бар екенін көреміз. Абайда қара қылды тіпті қақ жару емес, қырыққа бөлу деп алғанда, экспрессия күшейіп кеткен. Сонда ақылды адам қандай ұсақ зат, қандай күрделі мәселе болса да, оны жіктеп, мән-мағынасына, мәнісіне жете алатынына шәк келтірмейміз. **Баға беру** мағынасына келер болсақ, баға беруші заттың қасиеттерін, артықшылығын, кемшілігін, не үшін, кімге қажет екенін білу керек. Сонда ғана оған баға бере алады. *Таразы* – заттың салмағын дәл өлшейтін құрал. *Қазы* – белбелігілі бір істі тергеп-тексеріп, үкім шығарушы. **Ақылдың** таразысы да, қазысы да – **ақыл**. Демек, **ақылды** – не нәрсенің қасиетін, түп негізін, ақиқатын тани алатын адам. Ал **наданның** әр нәрсеге өзіндей баға беретін ақылы жоқ. Ол көп пен дүрмекке ереді. Сонымен қатар ақылдың орнын **білімді, есті** де баса алмайды. Абайдың тілдік әлемінде **білімді** сөзі *білім иесі, әр нәрсені білетін, оқыған* деген сияқты мағынада қолданылған. Абай өзінің он тоғызыншы қара сөзінде Абай **есті** мен **білімдіні** қатар атап, екеуін теңдес мағынада қолданады. **Білімді** мен **естінің** ерекшелігі білгені мен көргені көп болуымен бірге, жақсы мен жаманды тани алуында болып отыр. Абай білімдінің жақсы мен жаманды айырып тани тұра, оның жамандықтан бой тартпауы мүмкін екенін жоққа шығармайды. **Білімді, есті** жақсы нәрселерді ескеріп, жаманнан сақтанса,

адам болады екен. Міне, осы тұрғыдан алғанда, **ақылды** мен **білімді, есті** өзара тең емес. **Ақылды білімді** әрі **есті** болады, алайда білімді мен естінің барлығы бірдей ақылды болмауы мүмкін.

Абайдың тілдік әлемінде **надан** ата-ананың, білімдінің айтқан ақыл сөзін тыңдауға қабілетсіз. Өзінің көңілін қызықтыратын ертегіге елігеді. «Адам» макроконцепт аясына жататын тағы екі сөз оппозицияда беріліп тұр: **ез** және **ер**. **Ез** сөзі «Надан» концептісіне тән лексема болса, **ер** «Ақылды» концептісіне жатады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **Ез** – сын есім: 1) ынжық, жасық, шірік, бос 2) бейшара, мүсәпір, қор – мағыналарын білдіретіні көрсетіледі. Сонымен бірге «*ез жігіт* – ар-намысы кем, ынжық, жасық адам», – деп түсіндірме беріледі [12, 16-б.]. Абай **ез** сөзін жігерсіз, қайратсыздықпен байланыстырады: «*Еріншек ездігінен көпке көнбек*» дейді. Демек, әрбір *еріншек ез* де болады. Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде «Ақылды» – «Надан» концептілеріне жататын сөздердің оппозициясын көреміз. Біз осы уақытқа дейін қарастырып отырған **білімді** сөзімен бірге **талапты** сын есімі кездеседі. Бұл сын есім заттық мағынада жұмсалғанда «Ақылды» концепт аясына жататын сөз дей аламыз. **Талапты** сөзіне қарама-қарсы мағынадағы **талапсыз** сөзін талдай келе, оны «Надан» концептісінің аясына жататынын анықтаған болатынбыз. **Талапты** сөзінің «Ақылды» концептісіне жататынын айғақтайтын бірнеше эпитет, атрибуттар осы өлеңнің ішінде де көрініс тапқан: *көкірек көзі бар, Жүрегі – айна, көңілі – ояу, өз өнері таяу, ұққыш. Айна* метафорасының мағынасына үңілсек, айнаның қасиеті затты дәл сол күйінде шағылыстырып көрсету қасиеті бар. Дәл сол сияқты талапты да естігенін бұлжытпай қабылдайды деп түйсінеміз. «Надан» концептісіндегі **ез** сөзінің қатары да **елерме** сөзімен толыққан. *Әбілет басқан елерме, сөзге жуық келмеу, сенбеу* – **ез** адамның надандық образын толықтыра түскен. Абайдың кейбір өлеңдерінде «Надан» концептісінің аясына жататын нақты бір сөз берілмей-ақ образ сомдалады. Абайдың суреттеуіне қарап-ақ ақын жіктеп берген наданның қай санатына жататын адам туралы айтылып жатқанын түсіну қиын емес. Мысалы, «Бөтен елде бар боса» өлеңінде:

Басыңа жұмыс түскен күн
Татулықты бұрынғы
Не қылып ол ойласын?
Ашып берер жауыңа
Өзі көрген қоймасын.

Осы өлеңде **татулық, жау, дос, араздық, достық, дұшпандық** сөздері қолданылғанда әңгіме достық пен жаулық жайында деп топшылауға болады. Абай бұл жерде, ең әуелі **залым** адам туралы сөз етіп отыр. Дәл осы жерде Абай оны **залым** деп атамаса да, ескі досына жаулық ойлауынан залымдығы танылады. Досының жауына досының сырын ашып берумен қоймай, оны

досына айдап салады. Сонымен бірге жалған ант ішуден тайынбайтын *өтірікші*, құдайдан қорықпайтын имансыз. Имансыздығын Абай «*Иман жүзін тоздырар*» деген соны образбен бейнелі береді.

Абайдың тілдік әлемінде концепт жеке сөзбен не сөз тіркесімен де, не белгілі бір сөзбен байланбай, көркем образдар арқылы да берілуі мүмкін екенін көреміз. Бейнеленіп тұрған обарздардың қандай концептіге қатысты екенін білу үшін Абай шығармашылығын тұтас қарай отырып, Абайдың сөздер мен сөз тіркестеріне берген анықтамалары мен түсініктемелерін жіті зерделеу керек.

Қорытынды

Абай шығармашылығы арқылы оның дүниетанымы, санасынан орын тепкен әлем бейнесі, ол өскен ортаның шындық болмысты қабылдау ерекшеліктері көрініс табады екен. Лингвоконцептология тәсілдемесі негізінде Абай шығармашылығын зерттеу арқылы оның дүниетанымына, өмірлік ұстанымдары мен көзқарастарына терең үңіле аламыз. Абайдың тілдік әлемінде «Ақылды» концептісі *ақылды, ғалым, білімді, есті, ер, хақим* сияқты т.б. лексемалары арқылы жарыққа шығып отырған. Ал «Надан» концептісі *білімсіз, қырсық, шәргез, мақтаншақ, ақылсыз, қайғысыз* сияқты т.б. лексемалармен берілген. Сонымен бірге «Ақылды» мен «Надан» концептілері түрлі атрибуттары арқылы мәнмәтіндік деңгейде көрініс тапқан. Абай белгілі бір лексемаға жалпыхалықтық тілдегіден басқа мағына үстеген кезде, кеңінен түсініктеме беріп, ұғымын тереңдетіп отырған. Бұл жағдайды біз *ер* – зат есімін талдау барысында анық байқадық. Абайдың көптеген өлеңдерінде «Ақылды» және «Надан» концептілері бір-біріне қарама-қарсы қойылып, мағыналары барынша терең әрі жан-жақты ашылған.

Жалпы алғанда, Абай шығармаларының тілін оның дүниетанымымен, өмірлік ұстанымымен және мәдени ортамен байланыстара зерттеу өте маңызды екеніне көз жеткіздік. Өйткені Абайдың тілін басқа қырынан да танып, сөздердің назар аударылмаған семантикалық ерекшеліктерін анықтауға болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Уәли, Н. М.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері : 10.02.02 – қазақ тілі бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. [Мәтін]. – Алматы, 2007. – 52-б.

2 **Сүлейменова, Э. Д.** Понятие смысла в современной лингвистике : Монография [Текст]. – Алматы : Мектеп, 1989. – 160 с.

3 **Воркачев, С. Г.** Лингвокультурная концептология и ее терминосистема (продолжение дискуссии) [Текст] // Политическая лингвистика. – Краснодар, Россия, 3 (49). – 2014. – С. 12–20.

4 **Everett, C.** From patterns in language to patterns in thought : relativity realized across the americas [Text] // International journal of american linguistics. IJAL, Vol. 83. – No. 1. – January, 2017. – P. 173–201.

5 **Тілеубердиев, Б.** Қазақ ономастикасындағы ғаламның тілдік бейнесі [Мәтін] // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – Алматы, 2005. – № 11. – 15–18-бб.

6 **Пименова, М. В.** Типы концептов и этапы беліного исследования [Текст] // Вестник Кемеровского государственного университета. – Кемерово, 2013. – № 2 (54). – Т. 2. – С. 127–131.

7 **Чернейко, Л. О.** Гештальтная структура абстрактного имени [Текст] // Филологические науки. – 1995. – № 4. – С. 73–83.

8 **Әлметова, Ә. С.** Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип [Мәтін] // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 4(168). – 2017. – 61–68-бб.

9 **Моисеева, В. Л.** Безличные глагольные предикаты состояния лица в русской языковой картине мира : автореф. дис. канд. филол. наук по 10.02.01 – русский язык [Текст]. СПб, 1998. – 16 с.

10 **Климкова, Л. А.** Нижегородская микропонимия в языковой картине мира: автореф. дисс. на соиск. степ. д-ра филол. наук по 10.02.01 – русский язык [Текст]. – М., 2008. – 65 с.

11 Абай тілінің сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1968. – 734-б.

12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]. Он бес томдық. 5-том. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2007. – 752-б.

References

1 **Uali, N. M.** Kazakh soz madenietynin teoriyalık negyzdery [Theoretical foundations of Kazakh speech culture] : 10.02.02 – kazakh tyly boiynsha filologiya gylymdarynyn doktory gylimi darezhesyn alu ushyn daiyndagan diss. avtoref. [Text]. – Almaty, 2007. – 52 p.

2 **Suleimenova, E. D.** Ponyatie smysla v sovremennoi lingvistike : monografiya [The concept of meaning in modern linguistics : Monograph] [Text]. – Almaty : Mektep, 1989. – 160 p.

3 **Vorkachev, S. G.** Lingvokulturnaya konceptologiya i ee terminosistema (prodolzhenie diskussii) [Text] // Politicheskaya lingvistika. – Krasnodar, Rossiya, 3 (49). – 2014. – P. 12–20.

4 **Everett, C.** From patterns in language to patterns in thought : relativity realized across the americas [Text] // International journal of american linguistics. IJAL, Vol. 83. – No. 1. – January, 2017. – P. 173–201.

5 **Tyleuberdiev, B.** Kazakh onomastikasyndagy galamnyn tyldyk beinesy [Language image of the universe in Kazakh onomastics] [Text] // Kazakh tyly men adebiety zhurnaly. – Almaty, 2005. – № 11. – 15–18 p.

6 **Pimenova, M. V.** Tipy konceptov i etapy konceptualnogo issledovaniya [Types of concepts and stages of conceptual research] [Text] // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. – Kemerovo, 2013. – № 2(54). – Vol. 2. – P. 127–131.

7 **Chernejko, L. O.** Geshtal`tnaya struktura abstraktnogo imeni [The gestalt structure of an abstract name] [Text] // Filologicheskie nauki. – 1995. – № 4. – P. 73–83.

8 **Almetova, A. S.** Alemnyn tyldyk beinesy zhane stereotip [Linguistic picture of the world and stereotype] [Text] // KazUU Habarshysy. Filologiya seriyasy. – № 4(168). – 2017. – P. 61–68.

9 **Moiseeva, V. L.** Bezlichnye glagolnye predikaty sostoyaniya licza v russkoi yazykovoï kartine mira [Impersonal verbal predicates of the state of the face in the Russian language picture of the world] [Text] : avtoref. dis. kand. filol. nauk po 10.02.01 – russkij yazyk. – St. Petersburg, 1998. – 16 p.

10 **Klimkova, L. A.** Nizhegorodskaya mikrotoponimiya v yazykovoï kartine mira [Nizhny Novgorod microtoponymy in the linguistic picture of the world] : avtoref. diss. na soisk. step. d-ra filol. nauk po 10.02.01 – russkii yazyk [Text]. – Moscow, 2008. – 65 p.

11 Abai tylynyn sozdygy [Dictionary of the Abai language] [Text]. – Almaty : Gylym, 1968. – 734 p.

12 Kazakh adebi tylynyn sozdygy [Dictionary of the Kazakh literary language] [Text]. On bes tomдық. 5-tom. – Almaty : «Arys» baspasy, 2007. – 752 p.

04.10.24 ж. баспаға түсті.

13.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. Т. Бибеков¹, Л. М. Оразгалиева²

¹Евразийский национальный
университет имени Л. Н. Гумилёва,
Республика Казахстан, г. Астана;

²Astana IT University,
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 04.10.24.

Поступило с исправлениями 13.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

КОНЦЕПТЫ «УМНЫЙ» И «НЕВЕЖЕСТВЕННЫЙ» В ЯЗЫКОВОМ МИРЕ АБАЯ

В статье исследуются с точки зрения лингвоконцептологического подхода языковые единицы, слова и словосочетания, элементы текста, относящиеся к понятиям «умный» и «невежественный» в стихах и словах назидания Абая. Дифференцируются особенности концепта как основной единицы лингвоконцептологии. Через творчество Абая отражены его мировоззрение, образ мира, который пронизывает его сознание, особенности восприятия действительности окружающей среды, в которой он вырос. На основе подхода лингвоконцептологии определено семантическое поле концептов «умный» и «невежественный», входящих в сферу макроконцепта «человек» в творчестве Абая. В языковом мире Абая концепт «умный» был опубликован через лексемы «умный», «ученый», «знающий», «мудрец», «разумный» и др. А концепт «невежественный» представлен такими лексемами, как необразованный, дерзкий, гордый, сумасшедший, грустный и т. д. В то же время концепты «умный» и «невежественный» выражены на контекстном уровне через различные атрибуты. Установлено, что Абай широко комментирует и углубляет понятие, когда на определенную лексему накладывается другое значение, чем в общенародном языке. Во многих стихах Абая концепты «умный» и «невежественный» противопоставляются друг другу и раскрываются наиболее глубоко и всесторонне. В творчестве Абая выразилась необходимость комплексного изучения концептов, рассматривая их вместе, так как они находятся в тесной взаимосвязи.

Ключевые слова: лингвоконцептология, концепт, языковой мир Абая, «Умный», «Невежественный», языковая картина мира.

*K. T. Bibekov¹, L. M. Orazgaliyeva²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

²Astana IT University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 04.10.24.

Received in revised form 13.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE CONCEPTS OF «SMART» AND «IGNORANT» IN THE LANGUAGE WORLD OF ABAI

The article explores, from the perspective of the linguo-conceptological approach, linguistic units, words and phrases, and elements of the text related to the concepts of «wise» and «ignorant» in the poetry and didactic words of Abai. The features of the concept as the main unit of linguo-conceptology are differentiated. Through Abai's work, his worldview, his image of the world that permeates his consciousness, and his perception of the surrounding environment in which he grew up are reflected. Based on the linguo-conceptological approach, the semantic field of the concepts «wise» and «ignorant», which belong to the sphere of the macroconcept «human» in Abai's work, has been defined. In Abai's linguistic world, the concept of «wise» is represented through lexemes such as «wise», «scholar», «knowledgeable», «sage», «rational», and others. The concept of «ignorant» is represented by lexemes such as «uneducated», «insolent», «arrogant», «proud», «mad», «sad», and so on. At the same time, the concepts of «wise» and «ignorant» are expressed at the contextual level through various attributes. It has been established that Abai extensively comments on and deepens the meaning of a concept when a different meaning is imposed on a particular lexeme than in the common language. In many of Abai's poems, the concepts of «wise» and «ignorant» are contrasted with each other and are revealed most deeply and comprehensively. Abai's work reflects the need for a comprehensive study of the concepts, considering their interconnection, as they are closely related to one another.

Keywords: linguo-conceptology, concept, Abai's linguistic world, «Wise», «Ignorant», linguistic worldview.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz